

Әдебиеттер:

1. Ә.Қайдар Тіл білімінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998. 300 б.
2. І.Кеңесбаев Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері // Қазақ тілі. Алматы, 1954. 196 б.
3. І. Кеңесбаев Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. – 712 б.
4. Х.Қожахметова Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы, 1972. – 112 с.
5. Р.Сыздықова Абай шығармаларының тілі. – А., 1968.-335 б.

Annotation

The article reveals the question of lexica – semantic variants of words.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

Калиева Б.У.

Қазақстан, Семей қ., №27 ЖОББМ

Ағылшын тілін игертуде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту әдістемесі үшін грамматиканың, әсіресе жай сөйлем синтаксисінің маңызы зор. Өйткені жай сөйлем синтаксисі жеке ұғымдарды білдіретін сөздердің дұрыс қиысып, меңгеріліп, сөйлем құрауы, сөйлемдердің дұрыс байланысып, құрмалас сөйлем құрауы, ойды анық, түсінікті түрде білдіру үшін бірыңғай мүшелердің қолданылатыны, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі т. б. осы бөлімде қарастырылады. Өйткені сөйлеу тілін дамыту жұмыстарында жеке-жеке сөйлемдер қарастырылып қана қоймайды, сонымен қатар тұтас мәтін жасалады. Мәтін белгілі бір оқиғаны баяндайды сондықтан ондағы әр түрлі жағдайларға, мақсатқа, айтушы яки жазушының көңіл-күйіне қарай әр сөйлемнің құрылысында, сөз қолдануында ерекшеліктер болады. Осыған байланысты, тұтас мәтін синтаксисі келіп шығады. Тұтас мәтін синтаксисі стилистика және әдебиет тану ғылымдарымен байланысты.

Ағылшын тілінен тіл дамыту жұмысында мақал – мәтел және сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құратудың да пайдасы зор. Мұғалім бұл жұмыс түрі арқылы оқушының ойын көрікті айта білуге, мақал – мәтелдердің тіліміздегі көркемдік ерекшелігін, оның тәрбиелік мәнін ұғуға деген дағдыны қалыптастырады.

Оқушы мақал – мәтелдерді кірістіріп сөйлем құрау арқылы олардың идеялық – көркемдік ерекшелігін танып біледі. Сондықтан оқушы мақал – мәтелді қолданып сөйлем құрау арқылы еңбекке, білім алуға, өнерге, жақсы әдеттерге үйір болуға, жаман мінездерге безуге, ұқыптылыққа, тазалыққа, достыққа, шындыққа байланысты нақыл сөздерді үйренуге жақын болады. Мысалы, оқулықтардан, дидактикалық материалдарын достық, оқу-білім, өнер, еңбек, елі, жері. Отаны, адамгершілік жөніндегі мақал – мәтелдерді тапсырып, оның мағынасын қалай түсінетінін айтқызып, шығарма жұмыстарында пайдалануға бағыт беру қажет.

Ағылшын тілін оқыту үрдісінде тіл дамыту жұмысында күнделік жаздыртудың да үлкен мәні бар. Оқушылар өз бастарынан кешкен оқиғаларын, өмірінде қандай қызықты жайлар болғанын қуаныш, ренішін, қандай кітап оқығанын, көрген кинофильмдерін, табиғат құбылысы, ауа райы жайында байқағандарын күнделікке жазып отырудың үлкен тәрбиелік мәні бар. Күнделік жүргізу оқушының сауатты жазуына, ойын жүйелі құрастыруына дағдыландырады, оқушының каллиграфиялық төселуіне де септігін тигізеді. Бұл жұмыс түрі көп қолданыла бермейді. Сондықтан бастауыш сыныптарда бірте-бірте ол жұмыс түрін күрделендіре жүргізу қажет.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да қадірлі жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Әрине, бастауыш класс оқушысының зейіні тұрақсыз, импульсивті, қабылдау мүмкіндіктері де әр түрлі болады. Дегенмен, әр баланың бір нәрсеге бейімі болады.

Тіл үйретудегі бейімділік – оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Баланың жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау тек оқыту үрдісі кезінде үлкендердің басшылығымен жүзеге асады.

Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себепті, балалардың қабілетін кеңінен өрістетіп дамытуға тек мектеп ғана мақсатты түрде ықпал ете алады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес шыңдалған ойлау. Бұл бағдарлама арқылы оқушылар белгілі бір мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, мол ақпараттар ағымынан өзіне қажеттісін тандап алуға, саналы шешім қабылдауға, сұрақ қоя білуге, әрқеуі сол сұраққа жауап іздеуге үйренеді, оқушы ойы дамиды. Басқа бағдарламадан ерекшелігі оқушының қызығушылығын арттыра отырып, қиялын дамыту үшін арналған.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында жеке жұмыс, жұппен, топ бойынша жүргізіледі. Мұғалім оқушының білім алуға бағытталған іс-әрекетін бақылай алады, бағыт-бағдар береді. Оқушылар жаңа сабақты, ақпараттарды өз бетімен меңгертеді.

Сабақта «топтастыру», «болжау», «Венн диаграммасы», «шығарма кестесі», «insert» т.б. стратегияларын қолдануда оқушылардың бойынан қызығушылықты байқауға болады.

Нәтижесінде оқушылардың сабаққа деген ынтасы артып, шығармашылықпен жұмыс істеуге, берілген тақырыпты жан-жақты ашуға, бір-бірінің пікірін тыңдай білуге, өз ойын ашық айтып жеткізуге, өзгенің пікірін сыйлауға қол жеткізеді.

Қазіргі ағылшын тілінде бұл фразеологизм әдетте қысқартылып қолданылады: *to wear one's heart upon one's sleeve*, Сонымен қатар *upon* предлогының орнына *on* қолдануға болады.

Мысалы: "It's lovely to be able to tell the world what she means to me." *Hawards.... adds: "never back off from showing me emotions whatever they are. I think if we all wore out hearts on our sleeves a bit more we'd all get on a lot better"* (The Times)

Шексперизм *the better part of valour is discretion* ("King Henry IV") - батылдықтың бірден бір белгісі - сыпайылық - одно из украшений храбрости - скромность - қазіргі ағылшын тілінде бұл айтылымның сөйлем құрылымы өзгертіліп беріледі: *discretion is the better part of valour*.

Көптеген шексперизмдер уақыт толқындарына сәйкес өздерінің лексикалық нұсқаларына ие болады: мысалы, *applaud to the echo* ("Macbeth") немесе *cheer to the echo* - сүйсіне ұзақ қол соғу - шумно, восторженно аплодировать; *cram smth down smb's throat* ("Titus Andronicus") немесе *trust smth down smb's throat* - пікірін зорлап міндеттеу - навязывать кому-либо свое мнение или взгляды.

Шексперизмде *buy golden opinions* - таңқалдыру - вызывать восхищение - қазіргі ағылшын тілінде *buy* етістігінің орнына *win* қолданылады. Ал *at one fell swoop* ("Macbeth") - көзді ашып жұмғанша - в один момент, сразу - айтылымы қысқартылған түрінде *at one swoop* болып беріледі.

Мысалға: "they go quisle, one after another - five of them vanished already at one swoop." (S.O. Casey)

Қазіргі ағылшын сөйлеуінде құрамында көнерген сөздері бар шексперизмдер де қолданылады. Мысалға, *from whose borne no traveler returns* - барса келмес - там, откуда еще никто не возвращался – *borne* сөзі архаизм болып табылады және ол шекара мағынасында беріліп тұр. Бұл қазіргі ағылшын тілінде тек фразеологизм шеңберінен аспайды.

Ағылшын тілін игертуге бағытталған сабақтың сапасы мен нәтижелі өтуі, көбінесе, мұғалімнің өзінің және басқалардың жетістіктері мен қателерін дұрыс талдай алуына байланысты. Өз жұмысына талдауды сабақ өткізе салысымен және келесі сабақтың алдында, яғни сабақтың конспектісінің негізі дайын болған кезде жүргізу тиімді. Бұндай жағдайда мұғалім өткен нәтижелеріне сүйене отырып, келесі сабаққа дайындығы кезеңде осының барлығы

ескерілуін ойластырады. Өзін-өзі бағалау өткен сабақтың талдауына негізделеді, яғни мұғалім жасаған жоспарын тағы қайтара талдап, сәтсіздіктерінің себебін табуға тырысып, дидактикалық тұрғыдан ұтымды тұстарын қайталауға тырысады.

СҰЛТАНМАХМҰТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Құдайбергенов А.Қ.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Сұлтанмахмұттану ғылымы зерттеу әдісі ортақ әрі ақынды тану мұраттары мен міндеттері бір болғандықтан осы кезең ақынды танудың алғашқы дәуірі ретінде тұтасып, кейінгі зерттелу бағыттарына таным баспалдағы болуымен сипатталады. Отызыншы жылдардағы суреткерді тану мәселесінде орын алған қайшылықтар өзгермей, қайта қат-қабаттанып кеңестік идеология үстемдігі тұрғысындағы соцреализм негізінде бағалау күшейе түсті. Қырқыншы жылдардағы ақынды тану турасындағы пікірталастар өрбіп, ақын мұраларының келер шақта зерттелу, насихатталу ісіне түбегейлі тежеу салып, қазақ әдебиеті тарихынан біржолата алып тастау сынды сорақылық деңгейіндегі мәселе көтеруге дейін ушықты. Бұның барлығы дерлік Сұлтанмахмұттай сұңқар ақынның ұлт тағдыры турасындағы сұңғылалығын «ұлтшыл буржуаз» деп бағалаған себептің салдарынан туындаған болатын. Біртуар алашжанды ақынның шығармашылық еңбектерін кеңестік идеологиялық қысымнан эманципациялаудың бірден бір жолы суреткер мұратын төңкерісшіл, тапшыл шеңберде яғни сол кездегі кеңестік пен уақыттың билігіне сай таныту болды.

Осы тұста Сұлтанмахмұт мұраларын әділетті бағалау дегеніміз ұлттық мәдени, әдеби құндылықтарды соцэкспанациялаудан құтқару деген ұғыммен пара - пар болды. Сұлтанмахмұт руханиятын халықтық негізін ашу және көркемдік шығармашылық құбылыс ретінде таныту көкейкестілігі әдебиет майданына шын мағынасындағы сұлтанмахмұттанушылардың жаңа сапын әкелді. Торайғыровтанушылардың жас буыны бұл саладағы қалыптасқан догмалық аһуалдың көбесін сөгіп, зерттеу бағытын жаңа арнаға түсірді әрі тұлғатанудың тұғырнамалық бағдарламасын айқындап, суреткердің халықтық сипатын ашуға сарқа күш жұмсады.

Бұл кезеңдегі сұлтанмахмұттану турасындағы зерттеу-пайымдаулар ақынның қайтыс болуына 20 жыл толуына байланысты өрбіді. Ғалым Б.Кенжебаев «Сұлтанмахмұт Торайғыров» деген мақаласында ақынның өмір жолы мен шығармашылық жалпы шолу жасап, асыл мұраға аса жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сонымен қатар, 30-жылдардағы солақай сын, теріс бағалаудан арылуға үндеді. [1:..]

Ақын мұраларын жинақтау, тарату жаңаша қарқын алып, әрі шығармаларын кітап қылып бастыру ісі оның зерттелу үдерісіне зор ықпал жасады. Мәселен, Б.Кенжебаевтың ақын өмірі мен шығармашылығына түсінік берумен Алматыда Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасы 1942 жылы «Кедей» поэмасын, ал 1944 жылы ақының «Адасқан өмір» поэмасын бөлек кітап етіп бастырып шығаруы ақын мұраларының насихатталу ісінде айырықша мәнге ие болды. Осы поэманың жазылуына 50 жыл толуына орай ғалым Б.Кенжебаевтың «Адасқан өмір» атты мақаласы жарық көрді. Мақалада осы поэманың шығу, жазылу тарихын қамтый отырып, XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының шоқтығы биік шығармасы екендігін атап көрсетілді. [2:..]

40 жылдардағы сұлтанмахмұттану ғылымының кең қанат жаюуына зор үлес қосқан ғалымдардың бірі Есмағамбет Ысмайылов болды. 1943 жылы С.Торайғыровтың туғанына 50 жыл толуына орай зерттеушінің «Қазақ халқының сүйікті ақыны», «Қазақ халқының аса көрнекті ақыны» атты мақалалары жарияланып, онда тұңғыш рет ақынды шынайы халық ақыны ретінде танытқан батыл тұжырым жасалынды. Бұл пікір-тұжырымдар бұған дейінгі зерттеу мақалаларында ұлтшыл ретінде бағаланған Сұлтанмахмұт шығармашылығы тану бағытындағы жаңа белес, эволюциялық төңкеріс ретінде қабылданды. [3:..]